

"Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 162 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 2 маусымдағы N 194 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 15 маусымда тіркелді. Тіркеу N 4250

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 162 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3659 болып тіркелген, N 3856 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 330, N 4081 болып тіркелген 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 34 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесінде:

1 "Ағымдағы шығындар" санатында:

1 "Тауарлар мен қызметтерге шығатын шығындар" сыныбында:

140 "Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу" ішкі сыныбында:

149 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігінде:

"Ескерту" бағанында:

"бюджеттік бағдарламасы" деген сөздерден кейін "және "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бюджеттік бағдарламасы" деген сөздермен толықтырылсын.

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және оның әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан